

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BYVP7669>

***А. Адамова¹, Н. Ахтаева², Б. Сағындықұлы³**

^{1,2,3}Марғұлан университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-9047-1596>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7004-4015>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8311-2272>

*e-mail: adamova.aysulu@gmail.com.

ХАРИЗМА ЖӘНЕ БИИК БЕДЕЛДІЛІК: ПСИХОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТІРЕК

Мақала ерекше биік беделге ие адамға тән харизмалық қасиетті жинақтауды мақсат етеді. Жұмыстың жаңашылдығы мен өзектілігін тақырыптың филология саласында қозғалмағандығы айқындайды. Авторлардың харизма мен харизмалықтың мәнін ерекше дарындылық, биік бедел, данышпан, дана(лық), әулие(лік) сөздері аясынан тарқатуы да жаңашылдықтың көрінісі болып саналады. Мақала авторлары психологиялық категория бірлігі ретінде тұрақталып қалған харизма туралы өз тараптарынан ғылыми тұжырым келтіріп, харизмалық мәнге ие тілдік бірліктердің концепциясын жасаудың алғышартын ұсынады. Әсіресе «қара» сөзімен тіркесетін «домалақ, көз» сөздерінің нәтижесіндегі этно-мәдени бірліктің қасиетті сипатта екендігіне назар аудартады. Бұл этно-мәдени бірліктің соматикалық атау (бас) арқылы қоршаған қауымның қабылдауына әсер ететіндігі жеткізіледі.

Жұмыс авторларының орыс және ағылшын тілін зерделеушілердің пікірлерін қазақ ғылымындағы сөздіктермен, философиялық пайымдармен ұштастыра берілуі тақырыптың ғылыми әлеуетіне әсер еткен. Сонымен бірге мұндай тұжырымдарды көркем шығарма және сұхбаттық дәрежедегі мысалдармен дәйектеу көтеріліп отырған мәселені практикалық тұрғыдан орнықтыруға алып келген. Нәтижесінде, мақала барысында психология, тіл білімі, әдебиеттану сынды ғылымдардың бірлігі орныққан.

Мақала иелері жұмысты жазу барысында талдау-жинақтау, салыстыру мен салғастыру әдістерінің қызметіне сүйенген. Еңбектегі салыстыру – этно-мәдени ізденістің нәтижесі де, салғастыру

орыс-ағылшын-қазақ тілдеріндегі еңбектердің тұжырымын алу үшін пайдаланылған. Ал талдау-жинақтау мысалдық деректерді сараптауда іске асқан.

Кілтті сөздер: ерекше дарындылық, биік бедел, данышпан, дана(лық), әулие(лік), қара (домалақ, көз)

Кіріспе

«Харизма» сөзінің калька тіліне сүйенбей, жеке тұлғалық сипатын өрбіту жұмыс жаңалығына барынша ықпалын тигізеді. Сонымен қатар жұмыс өзектілігін харизманың қазақ тұлғаларына қатысты алғашқылардың бірі болып тиянақталуынан іздеген дұрыс. Әйтпегенде тақырып филология бағытында жеке мәселе болып көтерілген жоқ. Тіпті, мәдениет және әлеумет саясындағы еңбектер де харизманы жеке бірлік ретінде танытпайды. Тек психологиялық нысан ретінде бағаланған бұл категорияның негізгі белгілерінің қатарында көшбасшылық (лидер) ұстанымымен түсіндірілу кездесіп отырады. Ал оны қандайда бір көркем шығармалық мысалмен бекіту, оларға тән айырықша белгіні (соматикалық атаулардан тарқату) орнықтыру сынды әрекет орын алған жоқ. Біздіңше, *ерекше дарындылықты* (харизма) екшерлік белгілер ауызекі тілдегі тілдесу мен қазақ сөзін жеткізушілердің шығармаларынан табылады. Бұл өз кезегінде ұсынылған теорияның тәжірибелік шындалудан өтуі болып саналады.

Материалдар мен әдістері

Харизма мен харизмашылдыққа тән белгілерді тарқатуға, ең алдымен, көркем әдебиет шығармаларын ақтара келе, жеке тұлғаға тән дарындылық сипатындағы немесе сол тұлғаның жетілу жолындағы шамшырақтық қасиеттерді танытарлық жекелеген бірліктердің кездесуі әсер етті. Екіншіден, *ерекше дарындылық* немесе *биік беделділік* сипатты сөздердің шығу төркінін тергеу үшін, әрине, алуан деңгейдегі сөздіктерге көңіл аудару қажеттігі туды. Әсіресе лингвистикалық сөздіктер мен арнайы энциклопедия мақалаларын қайта ақтару керек болды. Әлемдік деңгейдегі ғылыми еңбектер теориялық негіздемеде бажайланып, дәйексөз ретінде тұжырым жасалды. Ал қазақ жазушыларының шығармаларындағы сөз алмасулық көріністер мысалдық дерек болып тарқатылды. Атап айтқанда, М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, М.Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы» роман-эссесі, С. Елікбайдың «Мәшһүр мұңы» романы мен БАҚ материалдары, әсіресе Ютуб каналындағы тұлғалық сұхбаттар осы мақаланы тиянақтаудың бай материалы болды деуге толық негіз бар.

Мақала барысында психо-философиялық талдау жоғары орынды иеленді. Себебі харизманың бастау көзі мен нық орныққан жері – психология, ал оны жеткізу философиялық пайымдауды қажет етеді. Аталған ғылымдарға тиесілі

сөздіктер осындай әдістерді тарқатуды қалады. Екіншіден, лингвистикалық сөздіктер жеке сөздер мен фразеологиялық тіркесімдердің мәнін ашуға көмектесті. Нәтижесінде, талдау-жинақтау (анализ-синтез), сөздердің шығу төркінін салыстыру (этномәдени ізденіс) және басқа ғылым тілдеріндегі көзқарастарды салғастыру әдістері пайдаланылды. Осы себептен де ағылшын тіліндегі теориялық тұжырымдар мен қазақ іліміндегі ой-топшылаулар өзара салғастырудың құралы болды.

Нәтижелер және талқылау

«Орыс мәдениеті сөздігінің» авторы Ю. С. Степанов тұлға харизмасына тән айырықша белгілерді саясат, ғылым, мәдениет, дін мен әдебиет, өнер, т.б. салалардағы сипаттаулардан тапса да [1, 591-б.], қазақ ілімінің осы бағыттағы сөздіктерінде бұл сөз және оның мағынасы реестрлік бағаннан тыс қалған [2]. Ал «данышпан», «дана/даналық» сөздерінің тұлғалық энциклопедияға енгеніне қарағанда [3], аталған сөздердің философиялық категория ретіндегі көрінісі мейлінше қолдауға ие болғандығы анық. «Шәкәрімнің еңбектерін қайта-қайта оқыған сайын, менің санама дана, даналық, данышпан деген ойлар орала береді, – дейді академик Ғ. Есім. – Шәкәрімнің данышпандығы дегенде, мен оның ақылдылығы, көрегендігі, парасаттылығы және көшбасшылығы туралы айтпақпын» [4, 244-б.]. Бұған сүйенсек, аталған лингвистикалық бірліктер (дана, даналық, данышпан) жеке тұлға портретін жасауда мәндес сөздердің жинақталуына таптырмас құрал болатындығы анықтала түседі.

«Харизма» сөзін қазақ тіліне аудару барысында «ерекше дарындылық», «биік бедел» сынды сөздер тіркесімі қолданысқа ене бастады. Бәлкім, қазіргі сұраныс тұрғысынан дұрыс та болар. Сондықтан да психологиялық сөздік анықтамалығында «харизма» сөзі түпнұсқалық қалпын сақтаған. «Харизма оған сәйкес әлеуметтік-психологиялық қажетсіну болғанда қалыптасады. Топтық психологияның феномені ретінде харизма, әдетте, өзінің айналдырған түрінде қабылданады: барлық назар харизманы жасаушы ізбасарларға аумай, лидерде болады. Діни психологияда харизма құдайдың рақымы деп бағамдалады. Харизмаға өтпелі сипат берушілік, оның мұрагерлеріне тарату, иерархиялық тұрғыдан орнықтыру әрекеттері болады» [5, 576-б.]. Шын мәнінде де харизмалыққа ие тұлға өзіндік ерекшелікке бой ұрмайды. Барынша өз іс-әрекетімен айналысады. Харизмалық тұлғаның ерекше дарындылығын байқау оны қоршаған қауымдастықтың әрекетінен пайда болады. Сондықтан да болар харизмді әсіре сөзге салынып түсіндіру көп жағдайда оңай емес. Негізгі себептерінің бірі оның жұмбақтылығы мен қол жетпестігіне байланысты болса керек. Мәселен, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ерекше дарындылығына сипаттама беру мейлінше қиын. Десек те «Мәшһүр мұны» романындағы мына бір көрініс биік беделдің нақты дерегі десек

болады: *Әлемдегі ең күшті, ең құдіретті, ең ғажап, туған да туылмаған Алла ғана. Сол Алланың жердегі кейбір пендесіне тылсым қуат, тылсым күш беріледі. Шамасы, осы маңайдағы сондай тылсым дүние маған ғана берілсе керек. Бұл ладауни ілімі ғана емес, Алланың қалауымен де болары хақ. Мен алланың сүйген, жақсы көрген құлымын ба, білмеймін, бірақ айтқаным Алланың құлағына тез шалынып жататыны анық* (С. Елікбай, Мәшһүрдің мұны).

Өткен тарихты таразылай отырып, ғалымның 20 томдық шығармалар жинағына сүйенсек, Адам Жүсіптен Мәшһүр Жүсіпке дейінгі аралықтағы ғұмырда оған әулиеліктің бұйырғаны ақиқат. Жалпы, Мәшһүр әулиелігі туралы айтқанда мынаны ескеру қажет деп ойлаймыз. Бәрімізге мәлім, оның негізгі оқыған оқуы сопылық бағыттағы оқу болды. Ал «әулиелік» жан дүниесі тазарған, бүкіл болмысты жүрекпен сезген кезде қонатын қасиет. Мұндай қасиет туралы құран хадисінің мәні төмендегідей: «Егер сенің иманың, құдайи құлшылығың таза болатын болса, мен сені көзің болам, құлағың болам». Әулиелер ғайыптан хабар алатын адамдар. Оларға аян (болжам, түс көру) беріледі. Мұндай кереметтік әулиелеге тән болса, пайғамбардікі мұғжиза: демек, әр түрлі әрекеттерді көрсете алады. Ғайыптан қонған даралық ақындарға да беріледі деп есептеледі. Мәселен, Ютуб платформасындағы «Кімнің есінде» бағдарламасының қонағы Ж.Ерманның «Мен өз өлеңдеріме аса бір жауапкершілікпен қараймын және өлең деген жоғары әлемнен, ғайыптан келетін ерекше құбылыс па деп сеземін» мәніндегі толғамы осы жайтты тіпті айқындай түссе керек.

Харизмаға тән социолог М. Вебердің анықтамасы әмбебап болып есептеледі. М. Вебердің 1922 жылы «Экономика және қоғам. Ұғыну мәнді әлеуметтанудың негізгі жоспары» атты еңбегі жарық көреді. Сондағы ғылыми тұжырымға сүйенсек, «Харизма дегеніміз – жеке тұлғаның сапалық анықтамасы. Мұндай қасиетпен аса талантқа ие танымдылық, тіпті адами күйден биік тұлға бағаланады. Жоқ дегенде оның басқалардың қолы жетпейтін және өзінің танымды/тағылымды ерекше қабілет күші мен айырықша белгідегі сипаты бар адам есептеледі» [6]. Бұл ойға қосыла отырып, төмендегідей дәлелдік тұжырым ұсынамыз.

Бәрімізге мәлім, 2024 жылы Қ. И. Сәтбаевтың 125 жылдығы аталып өтті. Ел Президенті ерекше тұлғаны «Қазақ ғылымының атасы» деп бағалады. Республика көлеміндегі конференциялық баяндамаларда ғалымның аса дарындылығына, таланттылығына мән берілді. Сондай жайттың бірі ғалымның Ұлыбритания басшысы Уинстон Черчиллмен кездесудегі сөз қағысуда болған «Менің халқым менен де биік» тіркесімінің халық мақалына айналып кетуі еді. Қазақ ұлының мұның сыртында биік сұлбасы, әрине, көз тартарлық болды. Көп жерлерде айтыла бермейтін, дұрысы аса мән

берілмейтін шағын деталь де біздің көңілімізді аударғандай еді. Керекү төрінде өткен тұлғалық конференцияда қазақ ғылым атасының соматикалық атау – бас мүшесіне қатысты пікір айтылды. Бұл бір оқыс айтылған сөз болды да, тындарман қауым елей қоймады. Негізінде, Қ. Сәтбаев сұлбасы өз алдына, сонымен қатар оның бас мүшесінің үлкендігі көп жерде көз тартып отырған сияқты. Ғалымның бас мүшесінің үлкендігі оның бас киімінің ерекше үлкендігімен жеткізілген. Тіпті, ғалымның бала кездегі басының ерекшелігіне қатысты М. Сәрсекенің роман-эссесінде төмендегідей дерек келтірілген: *Қанкежан біржосын тыныш бала болды, - деп әңгімелейді оны бесікте тербеткен Нұрлан Қасенов. – Басы бақырдай үлкен еді, өте көп ұйықтайтын. Жер басып отырған шағында, тіпті жүре бастаған кезінде басы ауған жағына құлай кетіп, зәремді талай алғанын қалай ұмытайын...* (М. Сәрсеке, Қазақтың Қанышы).

Мұндай мысалды қазақ роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесіне қатысты да өрбітуге болады: *Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғары жері қаз жұмыртқасындай көрінді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне ұп-ұзын боп дөңгелектей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей* (М. Әуезов, Абай жолы). Осы мысалдардағы басы бақырдай еді, басы мен беті бір өңірдей сөз тіркесімдеріне тиесілі соматикалық атаулардың болашақ қалыптасушы (Қаныш) немесе қалыптасқан тұлғаның (Құнанбай) ерекше қасиетіне үңілдіретіні сөзсіз. Демек, «Харизманың түп негізі туа жаратылған және адамзат мәдениетін жеткізудегі бірегей механизм болып түсіндіретіні сөзсіз» [7, 543-б.].

Қазақ әлемінде харизмалықты тиянақтайтындай лингвистикалық бірліктер жинақтала қойған жоқ. Дегенмен біздің байқауымызда *қара* (домалақ, көз) сөзінің қолданылуынан әлде бір ерекшелікті жинақтауға болатын іспетті. Ең алдымен, *қара* сөзі бүгінге дейінгі уақытта тарихи дамудың басты шыңына жеткен, әрі оң, әрі теріс бағыттағы мағынаға ие болып саналады. Десек те, *қара* сөзі қазақ ұғымында киелі есептеледі. Мәселен, *қара шаңырақ* алғашқы мағынасында «Бір үйдің ағайынды балалары ата-анасынан енші алысқанда, кенже ұлына қалатын киелі саналатын үй, үлкен үй, бүкіл әулеттің отауларынан мәртебесі биіктеу отау» деп түсіндіріледі [8, 301-б.]. Мұнан тарқатылатын *қара шаңырақ иесі*, *қара шаңырақ көтерді*, *қара шаңырақтың түтінін* түтетті сынды фразеологиялық сөз қолданымдар да киелілік ұғымынан алшақтамайды.

Мақала бұл сөздің жағымды мағынасында ұшырасуына мән беруді көздейді. Біздің бағамдауымызда, *қара* сөзінің астарлы ұғымында ерекше сипатты белгі бар. М. Әуезовтың шығармасындағы Абайға қарата айтылған *Одан да не күтсеңдер де осы жаман қарадан күтсеңдерші!* – деген Құнанбай лепесіндегі *жаман қара* тіркесімі кейіннен қазақтың дара және

дана Абай ретінде өркенделуіне алып келеді. Қазақ ұстанымындағы *қара* сөзімен тіркесімдегі *домалақ, көз, сирақ/борбай* сынды сөздердің айырықша сипатты аңғартатынын байқауға болады. Олардың өзіне басқаша көзқараспен қараудың уақыты келді. Мәселен, *Қара сирақ (борбай) баласы Соңынан жылап ереді. Титықтап тезек арқалап, Бала мен әйел келеді* (С. Сейфуллин) сөйлеміндегі *Әлі ұлғайып жетпеген жас жеткіншек* [8, 294-б.] мағынасын беретін тіркесім *сирақ/борбай* сөздерінің балаға қатысты айтылғанына жетелейді. *Қара домалақ* (аласа бойлы, топ-толық бала) тіркесімінде де бала жасын ерекшелеу бар. *Қара көз* тіркесімінде да балалардың жас сипаты көңіл аудартады. Мұны харизмаға қатысты зерттеулерде «Қазіргі тілмен айтқанда, харизма барынша санаға жақын қабылданатын болды (стала более приземленной). Негізінде, харизма жеке тартымдылық пен сыртқы сүйіспеншіліктен таралатын тұлғалық ерекшелік» деп түсіндіріледі екен [9]. Ал қазақ дәстүрі жеке тартымдылықты о бастан тілге тиек етіп, қазақ шығармашылығы (С. Сейфуллин, С. Жиенбаев, А. Жұбанов) 1940–50 жылдардың ішінде тиянақталып тастағандай әсер қалдырады.

Бұл, әрине, әлеуметтің сол уақыт шамасындағы күнкөріс тіршілігі мен қоғамдық-мәдени өмірдің сипатын анықтайтыны анық. Қазіргі уақыт қазақ балаларын *қара домалақ, қара көз, қара сирақ* деп атаудан әлдеқашан арылған. Десек те, *қара домалақ, қара көз* деп жағымды мәнде пайдалану кездесіп қалып отырады. Қазіргі күні бұлайша атау, біріншіден, ортаазиялық пен еуропалық ұлт өкілдерін ажыратуда қолданылады ма деймін? Жақын күндері өз сұхбатында Өзбекстан Республикасының бокстан бас бапкері Т. Қылышев *Біздің қара көздеріміз техникалық тұрғыдан да, физикалық тұрғыдан да мықты* екенін әңгімелейді. Бұған қарағанда тек қазақтар емес, сонымен бірге жақын түркі тілдес халықтар да *қара көз* бірлігін өз ұлтын ерекшелеу үшін пайдаланады деген сөз. Екінші жағынан, *қара домалақ* тіркесімі ауыспалы мағынадағы бірлік екені айқын. Ол жерде адамның түр-түсіне қатысты пайым жоқ. Осыдан көп уақыт бұрын өзінің кезекті бір жекпе-жегінде қазақ боксшысы Қ. Ислам өз қарсыласын *Мына қара бала да мықты екен*, – деп бағалайтыны бар. Бұл жерде, әлбетте қарсыластың қара нәсілді жұрт өкілі екеніне назар аудартып, оның тура мағынасындағы сөз саптауға әкелінгенін байқаймыз.

Қалай болғанда да, басқа сөздермен тіркесімге көнетін *қара* сөзінің мән-мағынасы ашылып қалды ма деп есептейміз. Ендігі *сөз – домалақ*. Бұл сөздің балаға қатысты айылатыны және ол баланың *аласа бойлы, толық* болып көрінетіні жоғарыда анықталды. Біз бұл ұғымды көзге шалынатын алғашқы түсінік деп санаймыз. Шын мәнінде, мұнда мүлде басқа ерекшелік жатыр. Ең бастысы, *домалақ* адам баласының бас мүшесіне қатысты өрбитін пайым болса керек. Жоғарыда шығармалық мысалға тартқан деректердің

барлығында бас мүшенің домалақ тәріздес болатыны алыстан мен мұндалайды. *Басы бақырдай үлкен еді* (Қаныш), *басы мен беті бір өңірдей* (Құнанбай) және *Бойы қолындағы күрегінің сабымен бірдей, төртпақ, қазан бас қара жігіт сұңғақ денелі қызыға ынтыға қарады* (С. Сматаев, Алау) сөйлеміндегі *қазан бас* – «басы қазандай үлкен» ұғымына иелік етеді. Әрі аталған атаулардың (бақыр, өңір, қазан) барлығы дерлік шеңбер пішіндес болып дөңгелене біткенінен туындайтынын танытады.

Дөңгелене біту, домалана келу – қазақ ұғымының туа біткен және мәңгі ажырамас ерекше белгісіне айналған. Және олар әлемдік бөліктің қара жер мен көк аспанға жақын орналасқан қасиетті заттарына бағышталған. *Қазан, ошақ, киіз үй* жер бетінің үстіңгі қабатындағы заттардың атауы болса, *шаңырақ, күн, ай* (толық ай) сөздері аспан көгіндегі зат атауы мен астрономиялық атауларға қарата айтылған. Әрі бұлардың пішіні домалақ болып жаратылған. Осы пішіндегі сөз адам баласына балама ретінде (қара домалақ) пайдалануға көшкен. Ал мұндай тіркесімдегі бірліктер, мақала барысында анықталғанындай, пенделік қасиеттің асқан дарындылығы мен данышпандылығына (Ғ. Есім қолданысы) және биік беделділігіне игі әсерін тигізген. Сондықтан мақаладағы тілдік бірліктерді қазақ харизмасының лингвистикалық портретін негіздеуші бірегей сөздер деген санаттық түсіндірмені орнықтырудың, осы орайда оны қабылдаудың да уақыты туғандығын жеткізгіміз келді. Мұндай қабылдау, анығырақ айтқанда, харизманың лингвистикалық портреті сынды ізденістер орыс тіл білімінің де арналы бір ғылыми бағыты болып таныла бастады [10]. Сілтемелік мақала авторы орыс тіл біліміндегі харизмалыққа тән тілдік бірлік ретінде көптеген етістік тұлғаларымен қатар, тақыр бас (лысына прибавляет им харизмы) тіркесімін де мысал дерек етеді. Біздің тараптан ұсынылған мақалалық тұжырым да осындай зерделеулерге жол ашады деп үміттенеміз.

Қорытынды

Шағын мақалалық зерттеу харизма сөзін психологиялық тұрғыдан анықтаған сөздік түсіндірмесі болмаса, лингва-әдебиеттік талдамда кездеспейтіні байқатты. Тілдік материал болатын көркем шығарма, тілдік сөздіктер де бұл сөзді жеке бірлік ретінде бағамдай алмаған. Тіпті, бұл сөздің орнын басатын қазақ тіліндегі нұсқасы боларлық *ерекше дарындылық, биік бедел, әулие(лік)* сөздері де көп жағдайда сөздік реестрі болып жұмсалмайды. Бірақ қазақ тіліндегі синонимдік қатардың молдығы аталған бірліктер орнын толтыратындай дәрежеде болып есептеледі. Оның үстіне қазақ тілі сөздерінің мол байлығы алуан тақырыптағы көркем шығарма тудыруға алып келеді. Осы себептен де қазақ тіліндегі тақырыпқа тартылған негізгі сөзді (харизма) қиындығы мол, бірақ мүмкіндігі бар сөздер қатары деп санауға болады.

Екінші бір басты мәселе, биік беделділіктің алғы шарты болып табылларлық тілдік бірлікті осы мақалада айқындау қажеттігі болды. Біздіңше, ерекше дарындылықтың тума қасиетінің бір белгісі ретінде соматикалық мүшенің (бас) мейлінше үлкендік сипаты әсер етеді деген тұжырым жасауға болады. Сонымен қатар қара сөзімен тіркесте келіп, этно-мәдени сипатқа ие болатын сөздер қатары да (домалақ, көз) харизмалыққа тән негізгі бірліктер десек қателеспейміз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Степанов, Ю. С.**, Константы. Словарь русской культуры [Текст]. – М. : Академ. проект, 2004. – 824 стр. [Электронный ресурс]. – <https://www.Labirint.ru>

2 **Сүлейменова, Э. Д., Шәймерденова, Н. Ж., Смағұлова, Ж. С., Ақанова, Д. Х.** Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі [Мәтін]. – Алматы, 2020. – 400 б; Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтама [Мәтін]. – Алматы, 2005. – 656 б; Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтама [Мәтін]. – Алматы, 2005. – 576 б.

3 **Абай.** Энциклопедия [Мәтін]. – Алматы, 1995. – 720 б; Сұлтанмахмұт Торайғыров. Энциклопедия [Мәтін]. – Павлодар, 2010. – 486 б; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Энциклопедия [Мәтін]. – Павлодар, 2010. – 704 б.

4 **Есім, Ғ.** Ғұлама – Нама. Ғылыми трилогия [Мәтін]. – Астана : «Абай академиясы», 2019. – 640 б.

5 Психология. Энциклопедиялық сөздік [Мәтін]. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.

6 **Weber, M.** Wirtschaft und Gesellschaft. Grundriss der verstehenden Soziologie [Text]. – Tübingen, 1922. [Electronic resource]. <http://psyfactor.org/harizma.htm>.

7 **Castelnovo, O., Popper, M., Koren, D.** The innate code of charisma [Text] // Journal «The Leadership Quarterly». Volume 28. Issue 4. August 2017. Pages 543–555.

8 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том [Мәтін] / Құраст. : Ә. Ыбырайым, А. Жанাবেкова және т.б. – Алматы : ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 744 б.

9 **Grabo, A., Spisak, Brian R., Vugt, M.** Charisma as signal : An evolutionary perspective on charismatic leadership [Text] // Journal «The Leadership Quarterly». Volume 28. Issue 4. August 2017. P. 473–485.

10 **Сабитова, З. К.** Лингвистический портрет харизмы // В книге : «Человек в языке : интерпретативная парадигма» [Текст]. – Павлодар : Изд-во «Типография Сытина», 2011. – С. 468–481.

References

1 **Stepanov, Y. S.** Konstanty. Slovar' russkoy kul'tury [Constants. Dictionary of Russian Culture] [Text]. – M. : Academic Project. – 2004. – 824 p. [Electronic resource]. <https://www.labyrinth.ru>

2 **Suleimenova, E. D., Shaimerdenova, N. Zh., Smagulova, Zh. S., Akanova, D. Ch.** Aleumettik lingvistika terminderinin sozdigi [Social-linguistic terminological dictionary] [Text]. – Almaty, 2020. – 400 p; Kazakh madenieti [Kazakh culture. Encyclopedic reference] [Text]. – Almaty, 2005. – 656 p; Kazakh adiebieti [Kazakh literature. Encyclopedic reference] [Text]. – Almaty, 2005. – 576 p.

3 **Abay.** Encyclopedia [Encyclopedia] [Text]. – Almaty, 1995. – 720 p; Sultanmahmut Toraygirov. Encyclopedia [Encyclopedia] [Text]. – Pavlodar, 2010. – 486 p; Mashhur Zhusup Kopeyuly. Encyclopedia [Encyclopedia] [Text]. – Pavlodar, 2010. – 704 p.

4 **Esim, G.** Gulama–Name. Gylymy trylogia. [Gulama-Name. Scientific trilogy] [Text]. – Astana : «Academy of Abay», 2019. – 640 p.

5 **Psihologiya. Entsiklopedialyk sozdik.** [Psychology Encyclopedic Dictionary] [Text]. – Almaty : «Kazakh encyclopedia», 2011. – 624 p.

6 **Weber, M.** Wirtschaft und Gesellschaft. Grundriss der verstehenden Soziologie [Text]. – Tübingen, 1922. [Electronic resource]. <http://psyfactor.org/harizma.htm>.

7 **Castelnovo, O., Popper, M., Koren, D.** The innate code of charisma [Text] // Journal «The Leadership Quarterly». Volume 28. Issue 4. August 2017. 543–555 pp.

8 **Ybyraiym, A., Zhanabekova, A.** Kazakh adebi tilinin sozdigi. On bes tomdik. [Kazakh literaturic words dictionary. Fifteen volumes] 9-volume. [Text] – Almaty : 2011. – 744 p.

9 **Grabo, A., Spisak, Brian R., Vugt, M.** Charisma as signal: An evolutionary perspective on charismatic leadership [Text] // Journal «The Leadership Quarterly». Volume 28. Issue 4. August 2017. 473–485 pp.

10 **Sabitova, Z. K.** Lingvisticheskiy portret charizmi // V knige : Chelovek v yazyke: interpretativnaya paradigma [Linguistic portrait charism // In the book: «Man in Language : an Interpretative Paradigm»] [Text]. – Pavlodar : Publishing house «Typogorafiya Sytin», 2011. – 468–481 pp.

27.04.24 ж. баспаға түсті.

21.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Адамова¹, Н. Ахтаева², Б. Сагындыкулы³

^{1,2,3}Маргулан университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 27.04.24.

Поступило с исправлениями 21.10.24.

Принято в печать 25.11.24.

ХАРИЗМА И ХАРИЗМАТИЧНОСТЬ: ПСИХОЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

Статья направлена на накопление харизматических свойств, присущих человеку с особенно высокой репутацией. Новизна и актуальность работы определяются тем, что тема не затронута в области казахской филологии. Проявлением новаторства считается и тот факт, что авторы раскрывают сущность харизмы из слов исключительной одаренности, высокого авторитета, гения, мудрого (мудрость), святого (святость). Авторы статьи приводят со своей стороны научные выводы о харизме, которая закрепилась как единство психологической категории, и предлагают предпосылки для создания концепции языковых единиц, имеющих харизматическое значение. Особо следует отметить, что этнокультурное единство в результате слов «қара (черный)», сочетающихся со словами «домалақ (круглый, глаза)», носит сакральный характер (крепкий казахский (азиатский) ребенок). Сообщается, что это этнокультурное единство влияет на восприятие окружающей общины через соматическое название.

Сочетание работы авторов со словарями, философскими рассуждениями в казахской науке, высказываниями изучающих русское и английское учение, повлияло на научный потенциал темы. В то же время аргументация таких выводов примерами художественного произведения и интервью привела к практическому обоснованию поднимаемой проблемы. В результате в ходе статьи закрепилось единство таких наук, как психология, языкознание, литературоведение.

При написании работы авторы статьи опирались на следующие методы: анализ-обобщение, сравнение и сопоставление. Сравнение в труде – результат этнокультурного поиска, а сопоставление использовано для получения формулировок трудов на русско-англо-казахском языке. А анализ-обобщение реализовано в экспертизе примерных данных.

Ключевые слова: исключительная одаренность, высокий авторитет, гений, мудрый (мудрость), святой (святость), черный (круглый, глаза).

*A. Adamova¹, N. Akhtaeva², B. Sagyndykuly³

^{1,2,3}Margulan University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Received 27.04.24.

Received in revised form 21.10.24.

Accepted for publication 25.11.24.

CHARISMA: A PSYCHOLINGUISTIC INTERPRETATION

The article is aimed at accumulating charismatic qualities inherent in a person with a particularly high reputation. The novelty and relevance of the work is determined by the fact that the topic is not touched upon in the field of philology. The fact that the authors reveal the essence of charisma from the words of exceptional giftedness, high authority, genius, wise (wisdom), holy (holiness) is also considered a manifestation of innovation. The authors of the article, for their part, cite scientific conclusions about charisma, which has become entrenched as a unity of a psychological category, and offer prerequisites for creating a concept of linguistic units with charismatic significance. It should be especially noted that the words “black” combined with the word “round, eyes” have a sacred character (Kazakh (Asian) child). It is reported that this ethno-cultural unity affects the perception of the surrounding community through a somatic name.

The combination of the authors' work with dictionaries, philosophical arguments in Kazakh science, statements of students of Russian and English teachings influenced the scientific potential of the topic. At the same time, the argumentation of such conclusions by examples of a work of art and interviews led to a practical justification of the problem being raised. As a result, the unity of such sciences as psychology, linguistics, and literary studies was consolidated in the course of the article.

When writing the work, the authors of the articles relied on the following methods: analysis-generalization, comparison and comparison. The comparison in the work is the result of an ethnocultural search, and the comparison is used to obtain formulations of works in the Russian-English-Kazakh language. And the analysis-generalization is implemented in the examination of sample data.

Keywords: exceptional talent, high authority, genius, wise (wisdom), holy (holiness), black (round, eyes).

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz